

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы бойынша бейбіт жиналыстарды үйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды үйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды үйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және үйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, пикеттеуді өткізуғе тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № 80/14 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 22 желтоқсанда № 6839 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды үйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" 2020 жылғы 25 мамырдағы Заңының 8-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы бойынша бейбіт жиналыстарды үйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды үйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды үйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және үйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы бойынша пикеттеуді өткізуғе тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

3. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы бойынша жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" 2016 жылғы 16 наурыздағы № 52/9 шешімінің (2016 жылғы 4 мамырда "Әділет" Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің акпараттық құқықтық жүйесінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3726 болып тіркелді) күші жойылсын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

сессиясының төрағасы

Солтүстік Қазақстан облысы
Мамлют ауданы мәслихатының хатшысы

P. Нурмуканова

Солтүстік Қазақстан облысы
Мамлют ауданы мәслихатының
2020 жылғы 15 желтоқсандағы
№ 80/14 шешіміне
1-қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы бойынша бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

1. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, олардың шекті толу нормалары:

1) Мамлютка қаласы, Сәбит Мұқанов көшесіндегі "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Мамлют № 1 мектеп гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алаңы. Шекті толтырылу нормасы 500 адамға дейін.

2) Мамлютка қаласы, "Юность" стадионына қарама-қарсы алаңы, Школьная көшесі. Шекті толымдылық нормасы 550 адамға дейін.

3) Мамлютка қаласы, "Мамлют ұн үктіру комбинаты" жауапкершілігі шектеулі серікtestігінің қарама-қарсы алаңы, Скачков көшесі. Шекті толымдылық нормасы 600 адамға дейін.

4) 1-бағыт: "Мамлют ұн үктіру комбинаты" жауапкершілігі шектеулі серікtestігінен Скачков көшелерімен, Абай Құнанбаев көшесімен, Зоя Космодемьянская көшесімен, Победа көшесімен Достық саябағына дейін. Шекті толтырылу нормасы-600 адам, ұзындығы-1200 метр.

2-бағыт "Мамлют мәдени орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорны ғимаратынан Абылай хан көшесімен, Победа көшесімен "Достық" саябағына дейін. Шекті толтырылу нормасы - 510 адам, ұзындығы 800 метр.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 16.01.2023 № 33/3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі.

Бейбіт жиналыстар бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарда өткізіледі. Пикеттеуді қоспағанда, өзге орындарда бейбіт жиналыстар өткізуге тыйым салынады.

Бейбіт жиналыстарды бейбіт жиналыстар өткізілетін күні әкімшілік-аумақтың бірліктің жергілікті уақыты бойынша сағат 9.00-ден ерте бастауға және сағат 20.00-ден кеш аяқтауға болмайды.

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды қоспағанда, дәл сол бір жерде дәл сол бір уақытта дәл сол бір объектіде екі және одан көп пикет өткізуге жол берілмейді

Пикеттеу ұзақтығы, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды қоспағанда, дәл сол бір жерде дәл сол бір объектіде күніне екі сағаттан аспауға тиіс.

Төтенше, соғыс жағдайы немесе терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимі енгізілген кезде олардың қолданылу кезеңінде бейбіт жиналыстар өткізуге Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандығы "Төтенше жағдай туралы" Заңында, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 наурыздағы "Соғыс жағдайы туралы" Заңында және Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Заңында белгіленген тәртіппен тыйым салынуы немесе шектеу қойылуы мүмкін.

Бейбіт жиналыстар өткізу үшін арнайы орындарды пайдаланған кезде ұйымдастырушы және қатысушылар Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңының 5 және 6-баптарының (бұдан әрі – Зан) талаптарын сақтау қажет.

Осы тәртіппен реттелмейтін қатынастар, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

3. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылықты қамтамасыз етуге қойылатын талаптар.

Бейбіт жиналыстар өткізуді материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді оларды ұйымдастырушы мен оларға қатысушылар өз қаражаты есебінен, сондай-ақ осы бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жиналған және (немесе) берілген қаражат пен мүлік есебінен, егер Занда және Қазақстан Республикасының өзге де зандағында өзгеше белгіленбесе, жүзеге асырады.

Жергілікті атқарушы органның келісімінсіз бейбіт жиналыстар ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарда киіз үйлер, шатырлар, өзге де құрылыш жайлар орнатуға жол берілмейді.

Қоғамдық қауіпсіздікті, медициналық, өрт сөндіру және өзге де қауіпсіздік қызметтерін қамтамасыз ету шаралары мемлекеттік органдармен жүзеге асырылады.

Солтүстік Қазақстан облысы

Мамлют ауданы мәслихатының

2020 жылғы 15 желтоқсандағы

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы бойынша пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының аумағында іргелес аумақтардың шекарасына 400 метрден жақын жерде пикет өткізуге жол берілмейді:

- 1) жаппай жерлеу орындарында;
- 2) теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда;
- 3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтарда;
- 4) қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтарда;
- 5) магистральдық теміржол желілерінде, магистральдық құбыржолдарда, ұлттық электр желісінде, магистральдық байланыс желілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда тыйым салынады.